

ХАТТАМА №1

30.08.2023

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің отырысы

Қатысушылар: мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, қамқоршылық кеңесі мүшелері.

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 оқу жылындағы мектептің оқу-тәрбие қызметінің есебі;
2. 2023-2024 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңестің жоспарын бекіту;
3. «Мектепке жол» акциясы барысында аз қамтылған, көп балалы отбасыларына көмек көрсету;
3. 2023-2024 оқу жылының сабақ кестесі мен оқу жоспарын бекіту;
4. Тамақтандыруды ұйымдастыру және ыстық тамақпен қамтамасыз ету, тамақтану сапасына мониторинг жүргізіп комиссиясын құру, буфеттік өнімдер бағасы, ауыз су режимін ұйымдастыру;
5. Ақылы қосымша сабақтар ұйымдастыру;

Тыңдалды:

Күн тәртібінде бойынша мектеп директоры Б. Сейдеш сөз алып оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы өзгерістерге тоқталды. Алдағы оқу жылының ерекшеліктерінің бірі бала қауіпсіздігі мен көрсетілген қызметтердің сапасына қатысты тәрбие мен оқытуға қойылатын талаптарды күшейту жұмыстары айтылды.

Оқу-ағарту министрінің 2023-2024 оқу жылын бастау жөніндегі бұйрығы қабылданды. Жаңа оқу жылы 34 оқу аптасынан тұрады. Оқу жылы 1 қыркүйектен басталып, 25 мамырда аяқталады. Жазғы демалыстың жалпы ұзақтығы 96 күн. Биылғы жылы да мектеп бес күндік жұмыс форматында жүретін болады.

Мектептің әлеуметтік педагогы А. Кожакеева «Мектеп жол» акциясы барысында жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталып өтті. Биылғы жыл бойы республика бойынша «Мектепке жол» атты қайырымдылық акциясы жүргізілуде.

Аталған акцияның мақсаттары:

- мектеп жасындағы барлық балаларды орта біліммен қамту мәселелеріне жұртшылықтың және тұрғын халықтың назарын аударту;
- міндетті орта білім алуға барлық азаматтардың құқығын қамтамасыз ету жөнінде ақпараттық және түсіндірме жұмыстарын жүргізу.
- қайырымдылық акцияларына кәсіпкерлер мен демеушілерге ынталандыру жұмыстарын жүргізу;

Мектебімізде табысы төмен отбасынан шыққан мектеп оқушыларына қолдау көрсету және әлеуметтік себептерге байланысты мектепке бармай қалудың алдын алу мақсатында іс-шара ұйымдастырылуда. Мектеп мұғалімдері қайырымдылық акциясына белсене қатысып, демеушілерді тарту жұмыстары бойынша өз үлестерін қосуда. Алдағы уақытта да бұл игі іс-шара жалғасын табады деп отырмыз.

Сондай-ақ, мектеп психологы Жұлдыз Айтжанқызы оқушыларды педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу келісімі туралы толық түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Қамқоршылық кеңес мүшелері ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізуге ат салысатынын айтты.

Мектептегі қамқорлық кеңесінің төрағасы Карабаев Мурат Калиевич өткен оқу жылындағы кеңес мүшелерінің жұмысына толық тоқтала отырып, мектептің оқу жұмыс

жоспары оқушылардың білім сапасын арттыруға және жан-жақты рухани-мәдени дамуына әсерін тигізетінін баса айта келіп, 2023-2024 оқу жылының оқу жоспарында берілген вариативті бөліктерінің мектеп және оқушы компонентіне кірген таңдау курстары үшін берілген сағаттарға және сабақ кестесінің құрылымына келісетіндіктерін білдірді.

Тамақтандыруды ұйымдастыру және ыстық тамақпен қамтамасыз ету, тамақтану сапасына мониторинг жүргізу комиссиясын құру, буфеттік өнімдер бағасы, ауыз су режимін ұйымдастыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталып, жана оқу жылындағы буфеттік өнімдер бағасымен танысып өтті.

Қамқоршылық кеңес отырысында ақылы қосымша сабақтар ұйымдастырылып, пән бойынша қосымша оқыту 6 түрі, музыкалық үйірмелердің 2 түрі, көркем еңбек үйірмелердің 6 түрі, спорттық үйірмелерден 3 түрі ашылатынын айтып өтті. Қазіргі таңда жарнамалау жұмыстары жүргізілуде.

ШЕШІМ:

1. Жалпыға бірдей білім беру қорын аз қамтылған мектептегі әлеуметтік жағдайы төмен және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға және әлеуметтік көмек алатын отбасының балаларына қаржылық көмек көрсетілсін.
2. Қамқоршылық кеңестің жылдық жоспары бекітілсін, іс-шаралар мерзімге сай өткізілсін.
3. 2023-2024 оқу жылының сабақ кестесі мен оқу жоспары бекітілсін.
4. «Мектепке жол» акциясы жұмысы жалғастырылсын.
5. Мектепте ақылы қосымша сабақтар ұйымдастырылсын.

Директор

Қамқоршылық кеңес төрағасы



Б.Б.Сейдеш

М.К. Карабаев